



**Автор:** ЖУМАШЕВ ЖАНАТ БАЗАРБАЕВИЧ

**Пән:** Математика

**Сынып:** 6-сынып

**Бөлім:** Статистика. Комбинаторика

**Тақырып:** Статистикалық деректер және олардың сипаттамалары: арифметикалық орта, мода, медиана, құлаш

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	6.4.3.2. Статистикалық санды сипаттамаларды есептеу.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Статистикалық санды сипаттамаларды есептеу. Оқушылардың басым бөлігі: Алынған нәтижелерді пайдаланып тәжірибе түрінде көрсету. Кейбір оқушылар: Тиімді амалдарды пайдаланып, зерттеулер жасай білу.
Тілдік мақсаттар:	Пәнге байланысты лексика және терминология: Арифметикалық орта, құлаш, медиана, мода, статистикалық деректер Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер: Арифметикалық орта ... анықтайды. Медиананы табу үшін...
Күтілетін нәтиже:	Барлық оқушылар: Статистикалық санды сипаттамаларды есептеу
Бағалау критерийлері:	Статистикалық санды сипаттамаларды есептейді
Құндылықтарды дарыту:	Қазақстанның тәуелсіздігі және Петропавл құндылығын есептер шығару барысында дарыту
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Компьютер, интерактивті тақта
Пәнаралық байланыс:	Тарих, жаратылыстану, дене шынықтыру
Бастапқы білім:	Кездейсоқ, мүмкін емес, ақиқат оқиғалар

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (10 минут)	1.Ұйымдастыру кезеңі: сәлемдесу, сынып оқушыларын түгендеу 2. Күн шуағы арқылы сыныптың ахуалын жақсарту Бүгінгі сабаққа жақсы көңіл - күймен келген оқушылар оң қолын көтерсін, мемлекетімнің патриотымын дегендер сол қолын көтерсін. Екі қолды қос ұрып, бойға шабыт шақырып, сабағымызды жақсы көңіл күймен бастайық.	презентация

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (25 минут)	<p>Сұрақ қойылады:-статистикалық санды сипаттамаларды есептеу үшін нені білу керек?</p> <p>Сабақтың тақырыбын және мақсатын айтамын Жаңа білімді қолдану. 1 тапсырма (Барлық оқушыларға арналған, әр оқушы арифметикалық орта, мода, медианасын анықтайды) Сыныптағы оқушылар бойларын өлшемінің арифметикалық ортасын, модасын, медианасын анықтаңдар. Дескриптор: Білім алушы -статистикалық мәліметтерді алады - алынған мәлімет бойынша ақпаратты анықтап, талдау жүргізеді; Бағалау: Оқушылар бірін-бірі бағдаршам әдісі арқылы бағалайды 2 тапсырма: «Конверттегі сұрақ» әдісі (әр оқушыға жеке тапсырмалар беріледі) 1 оқушы: Кестеде Петропавл халқының әр жылдағы халық саны көрсетілген. Осы цифрлардың өзгеріс ауқымын табыңдар. 2 оқушы: Әкімдік қызметкері қойдың саны жазба жүргізген кезде мынадай нәтижеге келді:15;23;32;9;17;12;29;35;14;21.Қойдың санының арифметикалық ортасын табыңдар. Бағалау: Барлық жауаптар сәйкес келсе «өте жақсы», қателер болса «жақсы» сәйкес келмесе «орташа» деп бағалаймынСаралау: Қарым қатынас формалары бойынша саралаймын Жеке жұмыс. «Аяқталмаған сандар» әдісі Кестедегі бос орындарды толтырыңдар Бағалау: (+), (-) әдісі арқылы бағалаймын Саралау: Аяқталмаған сандар әдісі арқылы тапсырма бойынша саралаймын</p>	презентация
Сабақтың соңы (2 минут)	Үйге тапсырма №1191 есеп	Оқулық Математика Әдістемелік нұсқау. А.Е.Әбілқасымова Т.П. Кучер
Рефлексия (3 минут)	«Бес саусақ әдісі» рефлексия (кері байланыс) Бас бармақ – керемет әрі қызықты болды! Екінші бармақ – осыған көңіл бөлу керек. Ортаңғы бармақ– маған ұнаған жоқ, Төртінші бармақ – бұл жерде орта... Кішкентай бармақ– маған жеткіліксіз болды...	«Алақан» әдісі арқылы